

Орман М.М., Омаров Т.К.

КАЗАКТАРДЫН БААТЫРДЫК ЭПОСТОЛУНДА
КӨРКӨМ-СҮРӨТТӨӨ КАРАЖАТТАРЫНЫН
УЛУТТУК-ЭТНОГРАФИЯЛЫК МҮНӨЗДӨМӨСҮ

Орман М.М., Омаров Т.К.

НАЦИОНАЛЬНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНО-ВЫРАЗИТЕЛЬНЫХ СРЕДСТВ
В КАЗАХСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ

M. Orman, T. Omarov

NATIONAL-ETHNOGRAPHIC CHARACTERISTICS OF VISUAL
AND EXPRESSIVE MEANS IN KAZAKH HEROIC EPICS

УДК: 808.1:398.22 (5-015)/82.821 (574.04)

Эпос бул лирика жана драма менен катар адабияттын бир түрү, буга чейин болжолдонгон окуялардын баяндалышы, эпос өзүнүн пластикалык көлөмү, мейкиндик-убакыт кеңейиши жана окуялардын каныккандыгы (сюжеттик) менен камтылган. Эпостун мүнөздүү өзгөчөлүктөрү: чындыкты чагылдыруунун кеңдиги: жеке адамдардын жеке жашоосун жана коомдук жашоонун кубулуштарын чагылдыруу; сюжеттик иш-аракет процессинде адамдын мүнөзүн ачуу; баяндоонун объективдүүлүгү: автордун каармандарга жана сүрөттөлгөн дүйнөгө болгон мамилеси көркөм деталдардын тандоосу аркылуу өндүрүлөт. Макалада улуттук колоритти чагылдырган казак баатырдык эпосунун көркөм-сүрөттөө каражаттарын пайдалануунун өзгөчөлүктөрү каралат. Ушул макалада келтирилген мисалдардан элдин малчылык менен болгон мамилеси кооз сүрөттөрдү жаратууга жана ой-жүгүртүүнүн кеңири жайылышына алып келген. Сөз искусствосу болуп эсептелген фразалар макалада этнографиялык түшүнүк катары каралат. Көчмөн жашоосунун негизин малчылык жана боз үй түздү жана абдан көп ага байланыштуу сөз айкаштары жана каймана сөздөр эпостордо чагылдырылат. Ошондой эле эпосто эпикалык иш чагылдырылат, ал өз муктаждыктарына жараша тиричилик жана салт түшүнүгүн жаратат. Макалада эпостордун поэтикалык-лингвистикалык өзгөчөлүктөрүнүн улуттук мүнөзү козголот.

Негизги сөздөр: баатырдык эпос, көркөм-сүрөттөө каражаттары, этнографиялык түшүнүктөр, тил өзгөчөлүктөрү, мал чарбасы, боз үй.

Эпос это род литературы наряду с лирикой и драмой, повествование о событиях, предполагаемых в прошлом Эпос охватывает бытие в его пластической объёмности, пространственно-временной протяжённости и событийной насыщенности (сюжетность). Характерные особенности эпоса: широта охвата действительности: изображение как частной жизни отдельных людей, так и явлений общественной жизни; раскрытие человеческих характеров в процессе действия сюжета; объективность повествования: отношение автора к героям и изображаемому миру производится через подбор художественных деталей. В статье рассматриваются особенности использования изобразительно-выразительных средств казахского героического эпоса, отражающие национальный колорит. Из примеров, приведенных в статье, можно увидеть, как занятие народа скотоводством привело к созданию красивых образов и обогатило язык узорами. Фразы, являющиеся искусством речи, рассматриваются в статье как этнографическое понятие. В основу кочевого образа жизни легло скотоводство и юрта и очень много связанных с ни-

ми выражений и образных слов отражены в эпосах. А также в эпосе отражено эпическое произведение, которое создавало концепцию бытия и обычая в соответствии со своими потребностями. В статье затрагивается национальный характер поэтико-лингвистических особенностей эпосов.

Ключевые слова: героический эпос, художественно-опиcательные средства, этнографические понятия, особенности языка, скотоводство, юрта.

The epic is a kind of literature along with lyrics and drama, the narrative of events supposed in the past The Epic covers being in its plastic volume, spatio-temporal extent and event saturation (plot). The characteristic features of the epic are: the breadth of reality: the depiction of both the private life of individuals and the phenomena of public life; the disclosure of human characters in the course of the plot; the objectivity of the narrative: the author's attitude to the characters and the depicted world is made through the selection of artistic details. In the article the features of visual and expressive means of use in Kazakh heroic epics, reflecting the national flavor are examined. From the examples given in the article, one can see how occupation of the people by cattle breeding led to the creation of beautiful images and enriched the language with specific patterns. Phrases which are the art of speech are considered in the article as an ethnographic concept. The basis of the nomadic way of life was the cattle breeding and the yurt. And there are lots of expressions and figurative words associated with it are reflected in the epics. And also the epic reflects an epic work that created the concept of everyday life and custom in accordance with its needs. The article reveals a national character of the poetical and linguistic features of the epics.

Key words: heroic epics, visual expressive means, ethnographic concepts, language features, cattle breeding, yurt.

Қазак халкының тiлдiк жүйесiнде төрт түлiк мал атауына қатысты қалыптасқан сөздер, сөз тiркестерi көп. Олардан көшпелi өмiр тiршiлiгiнде «малым-жанымның садағасы» деп бiлген халықтың сұлулық турасындағы ұғым-түсiнiгiндегi өзiндiк белгi-бедерiн мүлтiксiз көруге болады.

Бұл жөнiнде белгiлi ғалым С. Негимов «Халықтың мал өсiру кәсiбiмен айналысуы келiстi образдар тудыруға түрткi болды, тiлiмiздi түрлендiрдi, өрнек - нақыштармен байытты, қимыл - қозғалысын, икем - бейiмiн күшейтти» [1, 43-б.] - деген. Төрт түлiк малдың мән - маңызы жырлардың өзiнде де анық айтылатын жағдайлар кездеседi. Мысалы «Қамбар батыр-

да» Өзімбайдың байлығы былайша баян етіледі:

Ашқа - тамақ, жаяуға - ат,
Төрт түлік малға көңіл шат.
Жарайды екен қысылса,
Жұртының қиын күніне [2, 42-б.]

Батырлық жырларда батырдың қалыңдығын, сүйген жарының сыр сымбатын суреттеуде жыршының алдына жан салмағаны аңғарылып - ақ тұрады. Ол кез келген жырға тән белгі болып табылады. «Ер Тарғында» Ақжүністің сұлулығы Тарғынның сипаттауымен:

Қолаң шашты, қой көзді
Әйелде ару сен едің [3, 14-б.] - дейді.

Қой көзді тіркесінің бітімінен әдемілік туралы түсініктің қазақ халқына ғана тән белгісін көреміз. Мұнда үлкендеу келген тартымды қоңыр көз жайында айтылып тұрғанын әрбір қазақ біле қояды. Бұл біріншіден, төрт түлік малдың қадір - қасиетіне жеткен көшпелілер тұрмысының бір айғағы болса, сондай - ақ олар жырлардан көрініс тауып, жырдың көркемдігін толықтыра түсуге өз үлесін қосқан.

Жырларда ұтымды метафоралар да жиі кездесіп отырады. «Қобыланды батыр» жырында Алшағырдың қорлығында жүрген Тоқтарбайдың баласын жоқтауында мал атауларына байланысты қалыптасқан метафора, теңеулер қолданылған:

«Уа, қозым!» - деп зарлаған,
Жас қозыдай маңыраған,
Саулы інгендей аңыраған,
Сыртта жүрген Қобыланның
Құлағын жарып барады.
«Қалайша жоқтар екен?» - деп,
Құлағын батыр салады.
«Келелі түйем ішінде
Қайырлы бураға ұсаған
Қайырлы туған Қобылан,
Ботам, сенен айрылдым.
Алалы жылқы ішінде
Көзге түсер тұлпардай,
Тұяғы бүтін сұңқардай,
Құлыным, сенен айрылдым.
Ай мүйізді қошқардай
Тілеп алған жалғызым,
Қозым, сенен айрылдым.
Көл айнала шаңдатқан,
Байламаса, тынбаған
Көкала бұқаға ұсаған
Мен бұзаудан айрылдым» [4, 89-90-бб.]

Бұл мысалда Тоқтарбайдың жан күйзелісін және Қобландының даралығын аңғартуда «ботам», «құлыным», «қозым», «бұзау» сынды ауыстырулар мен «қозыдай», «інгендей», «қошқардай» сияқты теңеулер айрықша қызмет атқарып тұр. Сондай - ақ теңеліп отырған мал түліктерінің «жас», «саулы», «қайырлы», «көзге түсер», «тұяғы бүтін», «ай мүйіз-

ді», «көкала» сияқты қасеттерін айтуға пайдаланылған айқындауларсыз суреттеудің мүлдем әлсіз бола-рын айту керек. Бұл көркемдегіш құралдардан, халықтың әсемдік, көркемдік туралы ой түсінігінің әсерін сезінеміз.

Қаһармандық жырлардың тілінен бұл сықылды ұлттық реңктегі ауыстыру, салыстыру, теңеулерді көптеп ұшырастырамыз. Мысалы Құртқаның қылықты қимыл-қозғалысы былайша суреттеледі:

Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігендей сыңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буыны түсіп былқылдап [4, 21-б.]

Мұндағы қыз назын күшігеннің сыңқылдына балаған теңеудің ұтқырлығының шексіздігін мойында-масқа лаж жоқ. Бұл құс салып аң аулаған қазақ өміріндегі саятшылық салтынан хабар береді. Ал тамыз айында көрінетін жарық жұлдыздың сүмбіленің жылтылдауын теңеуге қосу көшпелі өмір салты халықтың аспан әлемі жайлы түсініктерді меңгергенін, оның деректерін тұрмыста пайдаланғанын аңғартады. Келесі жыр тармақтары да осы ойымызды айғақтай түседі.

Гүлбаршын сұлу айдай боп,
Қысыр емген тайдай боп [4, 181-б.],

Гүлбаршынның бет ажары алдымен айға теңелсе, жұнттай жұмыр дене бітімі қысыр емген тайға керемет шебер баланады.

Қолаң шашты, қой көзді деген жыр тармағына оралар болсақ, әйелдің сұлулығы оның қолаң шашымен бағаланғандығын байқаймыз. Қазақ қыз баласының шашының әсемдігіне ерекше мән берген халық. Оны Жаратқанның сыйы деп бағалап, ерекше күтіммен қараған және шашты кесу күнәнің ауыры деп білген. Қазақ қызын көз алдымызға қос бұрым, қолаң шашсыз елестете алмайтынымыз сондықтан болса керек. Сондай - ақ арудың шашы «сүмбілдей» деп те жырланады:

Қызының аты Қарлығаш,
Аш белге түскен сүмбіл шаш [4, 164-б.].

Яғни «ұзын, әрі жуан, мойылдай қара шаш» [5, 751-б.] жайы айтылып тұр. «...көптеген сөздердің бітіміндегі, қолданысындағы ерекшеліктер халықтың эстетикалық, көркемдік ұғым - түсінігіндегі айырмашылықты айқын байқатады» [6, 51-б.] Халықтың эстетикалық сезімінен туған бұл теңеулердің қайсысын алсақ та ұлттық бояуды айнымай танитынымыз анық.

Бұлармен қатар - жырларда «жан-жағына алаңдап» қорыққан қорғансыздың кейпін «бөріден үріккен қойдай», жаудың елге тиіп ойран - топырын шығаруын «Қойға тиген бөрідей», жапа шеккен халықты «бөрі тиген қойдай» деп теңеуі жиі қолданылған. Бұл теңеудің жырда мол кездесуін О.Нұрмағамбетов-

ва «қойға тиген бөрі көшпелі қазақ ұғымында ең қатерлі жау» болғандығымен түсіндіреді [7, 204-б.]. Олай болса, малын талауға ұшыратқан бөрінің шабуылынан зарар болған, күн көрісі малмен өлшенген көшпенді халықтың жан күйзелісі бұл іспеттес теңеулердің қалыптасуына түрткі болған дей аламыз.

Көшпелі тіршіліктің негізгі арқауы төрт түлік мал болса, киіз үйдің де маңызы одан кем түспейді. Белгілі этнограф ғалым С.Кенжеахметұлы «Қазақ өмірі мен мәдениетінің әлеуметтік жайының бір түйіні киіз үй мен төрт түлікке байланысып жатады» [8, 18-б.] дейді. Киіз үйдің қаңқасы, оның жабықтарына байланысты қазақ тілінде көптеген тұрақты тіркестер, кестелі сөздер бар. Шаңырақ, кереге, туырлық, түндік т.б. орай тілге тиек етіліп айтылатын сөздер жетерлік. Халық арасында «Керегенің кең болсын», «шаңырағың биік болсын» немесе «шаңырағың шайқалмасын» сияқты жақсы тілектер бар. Сонымен бірге бұл атаулар кейбір қарғыс ниетті білдіретін «керегенің көгін жейін», «шаңырағың ортасына түссін» деген сияқты тіркестердің де мазмұнында кездесіп жатады. Бұғанда батырлық жырлардан мысал табуға болады. «Қарабек батыр» жырында Қадірханның халқын жиып көрген түсін айтатын эпизод бар. Онда былай делінеді:

Керегем менің кертулі,
Кертіліп отқа жағулы,
Туырлығым менің тілулі [9, 176-б.]

Қадірханның бұл түсі жаудан көрер зорлықтың аяны болып шығады. Халық арасында күш көрсетіп, сес білдіргенде «керегесін кертемін» деп айту қалыптасқан.

Осылармен қатар батырлық жырлардың, әсіресе, өзіне ерекше тән болып келетін тұрақты қалыптасқан, мақал түріндегі тіркестер жайында айтпай кету мүмкін емес. Мысалы, «Қобыланды батырдағы» мына бір жыр жолдарын барлық дерлік нұсқалардан кездестіруге болады:

Заманақыр тақалды,
Саудагер сатар бақалды,
«Қыз жау деген осы», - деп,
Айтып отыр мақалды.
Екі қолдап Көбікті
Жұлып отыр сақалды [8, 78-б.]

Осы бір мақал түріндегі «қыз - жау» деген тіркес «Қобыланды батыр» жырымен бірге туғандай әсер қалдырады. Әрине, бұл түсінік, яғни қызды жау деп білу қаһармандық жырлардың көпшілігінде кездеседі және түрліше формада айтылады. Дегенмен дәл осы қалпында біз оны «Қобыланды батыр» жырынан кездестіреміз. Жырда Қарлығаның әкесіне және бауырына жасаған опасыздығы шын мәнінде жаудың әрекеті. Қарлығаның мұндай сатқындығын кейін Қобыланды оның бетіне басады. Қазақ қоғамындағы қыз баланың рөлі айрықша болғандығы тарихтан

белгілі. Қазақ қызды аялап, айрықша құрметтеп, оның тәрбиесіне, әдеп – ибасына ерекше мән берген халық. Сондай-ақ, қызды «жат жұрттық» деп санау бұрыннан бар. Бой жетіп, өзге жұртқа ұзатылғаннан кейін қыз еліне төркіндеп келетін болған. Алайда жалғыз, әрі жиі төркіндеу ұят деп саналған. Жоғарыдағы мысал осындай жөн-жосықтары сақталған қоғам өмірінен хабар береді. Жырды айтушы «қыз - жау» деп қыздың жат жұрттық екендігін, оның өзге жұрттың ұрпағын көбейтіп, сол жұртқа сіңісетіндігін меңзеген болуы керек. Қарлыға эпоста қару алып күресе алатын, өзін ер адаммен тең санайтын, тіпті жекпе - жекке де шығатын өжет, қайсар қыз болып суреттеледі. Қарлығаның образынан көне замандар әйелінің бейнесін көреміз. Дей тұрсақ та бірде ол «атым әйел болса да» деп өзінің дәрежесінің еркектен төмен екендігін мойындайды да.

Сонымен қатар жырларда «қыз деген ердің олжасы» деген де мақал кездеседі.

Қыз деген ердің олжасы,
Әлі жеткен алады.

Бұрынғыдан соңғыға
Қалған өрнек болады [4, 171-б.]

Оның бұрыннан келе жатқандығын жырдың өзі айтып кетеді. Бұл деген жаугершілік заманның айғағы. Яғни, шауып алған елден алынатын олжаның ішіндегі ең бағалысы қыз болып табылған.

Қобыландыны жоқтап жүріп Құртқаның айтқан сөзінде мынадай жолдар кездеседі:

Құдай кіші жаратты
Төмен етек ұрғашы.
Сұлтаным сүйген ақ денем
Бола ма жаудың олжасы? [4, 96-б.]

Мұнда жоғарыда Қарлыға айтқан кейінгі заман шындығын Құртқа іске асырып отыр. Құртқаның міндеті Қобыландының тұлпарын бағу, соғыс жарақтарын дайындап беру, Қобыландының көңілінен шығу болып табылады. Бұл «алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» дегенге пара пар ұғым. Жырлардан келесідей нақыл сөздер де кездесіп қалады:

Бұрынғыдан нақыл бар:
«Атқа келген пәледен
Айыл-тұрман садаға,
Басқа-келген пәледен
Бастан құлақ садаға» [9, 294-б.]

Нақыл түріндегі мұндай тұрақты жыр жолдары біріншіден, эпикалық дәстүрге орай батыр да, оның тұлпары да жеріне жеткізіле, зор шабытпен жырлануы қажет болып, айтушы батырдың тұлпарын ерекше сипаттап дәріптеудің өзін азсынып, нақыл сөздерді пайдаланғанын дәлелдесе, екіншіден, жырлардан көрініс тапқан жауды масқаралағанда оның құлақ, мұрнын кесіп, еліне жаяу қайтаратын жағдайға байланысты айтылған деуге болады. Жалпы құлақ, мұрын кесу атқа теріс мінгізу сияқты адамды масқара-

лау, қаралаудың бір түрі болғаны белгілі.

Халықтың батаға сену, бата сұрау, бата беру дәстүрі көрінбейтін батырлық жыры жоқтың қасы. Осыған орай нақыл сөздер де жырлардан ұшырасып отырған. Мысалы:

Баталы құл арымас,

Батасыз құл жарымас [10, 111-б.] - дейді.

Түс көру, оны жору әдеті батырлар жырында мольнан кездесетіндігі алдыңғы тарауларда көп айтылды. Сонымен бірге жырлардан түске қатысты ырымдар да көрініс береді. «Арқалық батыр» жырында Арқалық көрген түсінен шошынып, Жұбайға баяндағанда; Жұбай:

Түсінде қорыққан өңінде қуанатын,

Бұрынғы қазақ атаң сөзі есте [2, 151-б.] - дейді.

Арқалықтың көңілін жұбандырып, нандыру үшін айтушы Жұбайға «бұрынғы қазақ атасының» сөзін айтқызады. Бұл айтушының шеберлігі. Жалпы қазақ халқы түске сеніп, ерекше мән берген, сол арқылы болар істі болжаған және түстегі іс өңінде айнымай келеді деп білген, сондай-ақ жорушыдан жақсылықтың аянын күткен. Сол себепті де «Түсті көрушіден емес, жорушыдан», «Түс - түлкінің боғы» деген ырымдар да пайда болған. Олар батырлық жырлар-

дың көркемдігін арттыра түспесе, артық болып тұрған жері жоқ.

Қаһармандық эпостардың көркемдік қуаты зор десек, оның бір сыры сөз кестесі поэтикалық тілдік ерекшеліктерінен ұлттық сипат байқалатындығында болса керек. Бұл айтылғандар жеке бір жұмыстың жүгін көтеріп, ауқымын қамти алатындығы белгілі.

Әдебиеттер:

1. Негимов С. Акын - жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. Алматы, 2001. - 280 б.
2. Батырлар жыры. 2-том. - Алматы, 2006. - 280 б.
3. Ер Тарғын. (Батырлар жыры). Алматы, 1967. - 80 б.
4. Батырлар жыры. 1-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 256 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк - Пресс, 2008.-968 б.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы. - Алматы, 1973 - 211 б.
7. Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003. - 480 б.
8. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. - Алматы, 2006. - 384 бет, суретті.
9. Батырлар жыры. 3 - том. - Алматы : Жазушы, 2006. - 296 б.
10. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана: «Фолиант», 2008. - Т.50. Батырлар жыры. - 2008. - 464 б.